

Н.Қ.Құлтанбаеваның «6D020500- Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына

### ШҚІР

Қазіргі уақытта тіл біліміндегі ең өзекті мәселелердің бірі – мәдениетті тіл арқылы зерделеу, белгілі бір этникалық топта қалыптасқан дүние бейнесі, оның ұлттық ерекшелігі мен әмбебап белгілерін ашу, түсіндіру. Мәдениетті тіл арқылы зерделеу – тілдік материалдың дүние мен адам туралы ең салмақты, көбінесе өзін-өзі қамтамасыз ететін ақпарат екендігі туралы соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Тіл сонымен бірге мәдениетті жасаудың, дамытудың, сақтаудың (мәтін түрінде) құралы және оның бір бөлігі, өйткені тілдің көмегімен нақты, объективті шындық бейнеленеді.

Осы идея негізінде мыңжылдықтар тоғысында тіл білімінің дискурсология, лингвомәдениеттану сияқты жаңа бағыттары пайда болды. Ізденушінің зерттеу жұмысының тақырыбы аталған екі ғылым саласының тоғысында орындалып отырғанын байқауға болады.

Ертегі дискурсы дүние туралы алғашқы білімдер мен қарапайым сананы бейнелейтін қарым-қатынас түрі болып саналады. Ертегі өзінді және дүниені танудың, этностың ұлттық санасын, ойлауы мен ондағы лингвомәдени құндылықтарын түсінудің баспалдағы. Мәдениет тіл сөйлерменінің ойлауын, тілдік категориялар мен концептілерді қалыптастырады және ұйымдастырады. Тілді мәдениет арқылы зерттеу ұлттың өзіндік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл – мәдениетті жасаушы, дамытушы және сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Батыста құрылымдық антропология, семиотиканың туындауына ықпал еткен және дискурс пен коммуникация кең зерттелуі үшін негізін салған ертегілер мен мифтердің құрылымдық аспектілері зерттелгенімен (Р. Барт, А. Греймас, К. Леви-Стросс, В. Я. Пропп, Ц. Тодоров, А. Dundes, Е. Kongas-Maranda, Р. Maranda), қазіргі қазақ тілі білімінде ертегі дискурсына, оның лингвомәдени тұрғыдан зерттелуіне арналған жұмыстар өте аз деп айтуға болады.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдауға арналған. Зерттеу жұмысында алдымен «ертегі дискурсы» мен «ертегі мәтіні» терминдеріне анықтамалар беріле отырып, олардың аражігі ажыратылады. Одан кейін ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері жөнінде жазылған зерттеу жұмыстарын зерделей келе, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтайды, ертегі дискурсының жанрлық белгілері айқындалған. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде «дискурс», «ертегі дискурсы» ұғымдарының анықталуы мен зерттелуіне тоқталып, ертегі дискурсына тән жанрлық белгілері мен ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін нақтылаған. Ғылыми жұмыстың екінші бөлімі ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерін



өзектейтін тілдік деңгей, қарым-қарым стратегиясы, ертегі дискурсының когнитивтік-коммуникативтік деңгейінің өзектелуіне арналады. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізіліп, қорытынды жасалынады. Үшінші тарау ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерінің салғастырмалы талдауға арналады. Ертегі дискурсын лингвомәдени-дискурстық салғастырмалы талдау үлгісі ұсынылады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы мен алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызына төмендегі жетістіктерін айтуға болады: 1) «ертегі дискурсы» ұғымы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып талданады, оған анықтама береді; 2) ертегі мәтіні мен ертегі дискурсын саластыра зерттеп, олардың айырмашылығының бар екенін нақты мысалдармен дәйектеп, ертегі дискурсына тән жанрлық белгілердің тоғыз түрін анықтайды; 3) ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің үш деңгейін анықтап, өз ұстанымын дәлелдейді; 4) ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жасайды, нәтижелері талданып, қорытынды шығарады; 5) ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін ұсынады, сол үлгі бойынша қазақ, орыс, араб қиял-ғажайып ертегі дискурсын салғастырмалы талдайды, нәтижелерін қорытындылап, өзіндік тұжырымдар жасайды.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті түрде игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері 9 ғылыми мақалада жарияланған. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін *ASTRA Salvensis* процентиль 85%, Q1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған үш мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және бес мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде екеуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Култанбаева Нұргүл Калдыгуловнаның диссертациялық жұмысы «6D020500 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылған барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Култанбаева Нұргүл Калдыгуловнаға 6D020500 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы профессоры, филология ғылымдарының докторы

29.11. 2021 ж.



С.С. Исакова